



БҰЙРЫҚ

26.04.2014 ж.

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

№

400

город Костанай

**Оңалту басқарушыны
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағының 3) тармақшасына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 20 шілдедегі Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымы және 2017 жылғы 12 шілдедегі «Наурзум сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңалту басқарушы Мурзахан Сыпсынбаевич Сагитов оны шеттету туралы кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «Наурзум сервис» ЖШС-ның мүлкін және істерін басқарудан босатылсын.

2. М.С. Сагитов үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған оңалту басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



С. Ахметов

002026